

## **МИССИЯСЫ**

Жоғары сапа стандарттарына сәйкес келетін электр энергиясын, жылу энергиясын, дистиллятты, ауыз суды, ыстық және техникалық суды үздіксіз өндіру.

## **ПАЙЫМДАУЫ**

Маңғыстау облысы экономикасының электр энергиясы, жылу энергиясы, дистиллят, ауыз су, ыстық және техникалық суға қажеттілігін қанағаттандыратын заманауи жабдықтар мен технологияларды пайдаланатын тиімді кәсіпорын,

## **САПА, ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚТЫ ҚОРҒАУ, ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ**

«МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – кәсіпорын) Маңғыстау облысы халқының және контрагенттерінің алдындағы міндеттемелерін орындау үшін электр энергиясын, жылу энергиясын, дистиллятты, ауыз суды, ыстық және техникалық суды өндіру және беру бойынша өз қызметін жүзеге асырады.

Кәсіпорынның жоғары басшылығы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, ҚР СТ ISO 9001:2016, ҚР СТ ISO 14001:2016, ҚР СТ ISO 45001:2019, ҚР СТ ISO 22000-2019 стандарттарының нормаларын басшылыққа ала отырып, кәсіпорынның мақсаттарына қол жеткізу үшін осы саясатты қабылдайды және кәсіпорынды басқару тиімділігін арттыруға және менеджменттің интеграцияланған жүйесін жақсартуға үнемі ұмтылады.

### **Кәсіпорынның басым мақсаттары:**

- тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыратын және тұрақты пайда алуды қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті өнім өндіру;
- өндірістің экологиялық қауіпсіздігін және персонал мен Ақтау қаласы мен оған іргелес елді мекендер халқының тыныс-тіршілігінің қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету;
- кәсіпорын персоналының жұмыс орнында қауіпсіздікті және денсаулықты сақтауды қамтамасыз ету;
- белгіленген талаптарға сәйкес ауыз су өндірісін қамтамасыз ету.

### **Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін басшылық міндеттенеді:**

- Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мен басқа да нормативтік құжаттарының талаптарын орындауға;
- тұтынушылардың пікірлері мен тілектерін жүйелі түрде талдап, ескеруге;
- өнімнің, процестердің сапасын ұдайы жақсарту, жұмыс орындарында еңбек тиімділігін арттыруға;
- аймақтың электр, жылу және су қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өндірісті жаңарту;
- тәуекелге бағытталған ойлауды дамыту үшін жағдай жасауға;
- кәсіпорын ішінде де, сыртқы мүдделі тараптармен де үнемі ақпарат алмасуды қолдау;
- экологиялық, өнеркәсіптік және радиациялық қауіпсіздікті, сондай-ақ тамақ өнімдерінің (ауыз судың) қауіпсіздігін барлық қол жетімді техникалық және әкімшілік тәсілдермен қамтамасыз етуге;
- жарақаттанудың алдын алуға және кәсіптік аурулардың пайда болуына бағытталған қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау менеджменті жүйесі саласындағы қауіптер мен тәуекелдерді басқаруға;
- қауіпсіз емес өнім пайда болған жағдайда оны өндіру мен пайдаланудың барлық сатыларында әзірленген іс-шараларды жүргізуге кәсіпорынның дайындығын қамтамасыз етуге;
- саясатты жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды ұсынуға;
- кәсіпорынның біріктірілген менеджмент жүйесін дамытуға және жақсартуға.

Бас директор



Т. Есентугелов

**29.07.2022ж. № 01-28-06/303 қызметтік хатымен  
МАЭКДос ЭҚЖ–мен келісілді**

Бас директордың өндіріс және БН-350 РҚ жөніндегі  
бірінші орынбасары /Заместитель Генерального директора  
по производству и РУ БН-350

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі  
орынбасары / Заместитель Генерального директора  
по экономике и финансам

Бас директордың камтамасыз ету жөніндегі орынбасары/  
Заместитель Генерального директора по обеспечению

ЖжПЖД директоры/Директор ДпРиЭ

МжӨД директоры/Директор ДМиС

ӨҚД директоры / Директор ДПБ

ДӨжӨЖСЖЗ директоры / Директор ЗПДиПТВС

ТМСЖДСБ бастығы / Начальник УРМКиСР

ЕҚжЕҚПҚ бастығы / Начальник СПБиОТ